Жеке өсу және интеллектуалдық жетілу. Философия өзін-өзі талдау мен жеке өсуге ықпал етеді. Студенттер философиялық мәтіндермен жұмыс істей отырып, өздерінің болжамдары мен пікірлеріне сын көзбен қарайды, бұл олардың ой-санасының кеңеюіне әкеледі. Бұл процесс жеке дамуға ықпал етіп, студенттерді ашық, жан-жақты ойлайтын және әлеуметтік жауапты тұлғаларға айналдырады. Философия өздерінің ішкі құндылықтары мен сенімдерін түсініп, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Техногендік апаттар мен инженерлердің шешім қабылдауындағы философияның рөлі.

Философияны оқу және түсінуі арқылы болашақ инженерлер техногендік апаттар кезінде өздерін қалай ұстауы, қандай шешім қабылдайтыны туралы тиімді ойланады. Апаттарға дайындық, алдын алу барысында басты мақсат - адам өмірін барынша сақтау екені айтпаса да түсінікті. Ізгілік этикасы, әсіресе, адамның ішкі мінез-кұлқына, адам болмысын қалыптастыруға және оның қоғаммен қарым-қатынасына назар аударады. Бұл тәсіл «Мен не істеуім керек?» деген сұрақтан гөрі, «Мен қалай болуым керек?» деген сұрақты қойуға мүмкіндік береді. Мұндай сұрақ адамды тек әрекеттердің нәтижесіне емес,



оның моральдық қасиеттері мен ниеттеріне де мән беруге бағыттайды. М.Хайдеггер техника болмыстың терең қасиеттерін пайымдаудың маңызды тәсілі болып табылады деген. Техника болмыстағы табылуға және өзінің нағыз, бүлінбеген кейпінде көрінуге тиіс жасырын жағын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы: 28 қазан 2023 жылы болған Қарағанды қаласындағы «Костенко» атындағы шахтада жарыс болғаны барлығына мәлім. Бұл апатта инженерлерге техногендік апаттар тек техникалық мәселелер ғана емес, олар болашақ инженерлер үшін технология мен табиғатқа, сондай-ақ қоғамға деген жауапкершілікті түсінудің маңызды сабағы болып табылады. Мұндай апаттар инженерлердің шешімдерінде адам өмірі мен қауіпсіздікке қатысты моральдық және этикалық аспектілерді ескерудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Болашақ инженерлер осы апаттарды талдай отырып, прогресс пен қауіпсіздік, пайда мен адам өмірі арасындағы үйлесімділікке негізделген шешімдер қабылдауға үйренуі тиіс. Бұл оларға технологияны адамдардың игілігі үшін тиімді әрі қауіпсіз қолдану қажеттілігін түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Техникалық университеттерде философияны оқыту - студенттердің кәсіби және жеке дамуы үшін аса маңызды болып табылады. Әдетте техникалық білім тек нақты дағдылар мен ғылымды меңгерумен байланысты болса, философия бұл білімді тереңдетіп, кеңейтеді. Философияның оқытылуы студенттерге сыни ойлау, этикалық жауапкершілік, және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі, сондай-ақ оларды әртүрлі мәселелерге кешенді әрі жан-жақты қарауға ынталандырады. Қазіргі заманғы технологиялар мен ғылымның қарқынды дамуы жағдайында тек техникалық білім жеткіліксіз. Өйткені жаңа технологиялар, жасанды интеллект, биотехнология сияқты салалар адамзаттың моральдық және әлеуметтік мәселелеріне жаңа сұрақтар туғызады. Философия студенттердің жеке дамуына ықпал етеді, олардың өз ойларын білдіру қабілеттерін жақсартады, әртүрлі мәдениеттер мен көзқарастарды түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, философия техникалық саладағы шешімдерді қабылдаудағы жауапкершілікті арттырады, себебі ол мамандарды өздерінің істері мен шешімдерінің әлеуметтік және этикалық салдарын терең ойлауға үйретеді. Осылайша техникалық университеттерде философияның оқытылуы студенттерді тек жақсы маман ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамға қызмет ететін саналы, әділ және жауапты азамат ретінде қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://aimaq09.kz/filosofiya-ylymyny-bilim-beru-salasynda-y-r-li/>
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B8%D0%BB%D0%BE%D1%81%D0%BE%D1%84%D0%B8%D1%8F>
3. <https://plato.stanford.edu/entries/technology/>
4. https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/tehnika-filosofiyasyi-27767/
5. <https://www.hsaj.org/articles/176>
6. <http://library.atu.kz/files/42895.pdf>
7. <https://adyrna.kz/post/87689>



НАИБОЛЕЕ РАСПРОСТРАНЕННЫЕ ВИДЫ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В XXI ВЕКА

Канет Ислам

Курсант 1 курса Алматинской академии
МВД Республики Казахстан им.М.Есбулатова

Аннотация: В данной статье рассматриваются наиболее актуальные вопросы, касаемые преступлений против наркотиков и киберпреступлений. Информатизация всех сфер дает колоссальную возможность развития во всех сферах. Но как всякая революция это информационная кроме глобальных позитивных изменений влечет за собой глобальные угрозы.

Ключевые слова: информатизация, компьютерная преступность, киберпреступность, информационные технологии

В современном мире где развивается вся сфера касающаяся человечества, развивается в том числе и преступления. Происходят коренные изменения в производственной, экономической, политической и социальной сферах. Промышленная революция, в своей основе имеет революционные преобразования в сфере информационных технологий. Информатизация всех сфер дает колоссальную возможность развития во всех сферах. Но как всякая революция это информационная кроме глобальных позитивных изменений влечет за собой глобальные угрозы. В нынешнем мире растет ущерб от киберпреступлений. Практически ни один из крупных террористических актов не обходится без использования современных информационных технологий. Среди этого особое место занимает наркотизм-достаточно устойчивое социальное явление. В современных условиях проблема противостояния наркотизму так же обретает глобальный всемирный характер. Для нее не существует территориальных, национальных, религиозных, классовых, половых, расовых или других границ в Республике Казахстан как и в ряде регионов обострилась проблема борьбы с незаконным оборотом наркотиков и наркотизацией широких слоев населения. В этой научной статье эти два преступления будут основными темами для статьи.

Для начала рассмотрим развитие компьютерной преступности и киберпреступности. Использование информационных технологий противозаконно и необходимый законодательный ответ-это вопросы которые обсуждаются с тех пор как появились новые технологий. Одной из причин по которой эта тема остается актуальной является постоянный технический прогресс.

В 1960-е гг. появление транзисторных компьютерных систем, которые были меньше по размеру и дешевле привело к более широкому использованию компьютерных технологий. На этом раннем этапе правонарушения сводились к физическому повреждению компьютерных систем и накопленных данных, о подобных случаях сообщалось например в Канаде где в 1969 г. Студенческие беспорядки привели к пожару в результате которого были уничтожены данные, хранившиеся в университете.

В 1980-е гг. все более и более популярными становились компьютеры. С появлением этой разработки количество компьютерных систем, а значит и количество потенциальных целей для преступников снова увеличилось. Среди целей впервые



находились разнообразные типы критически важной инфраструктуры. Взаимозависимость компьютерных систем также стала причиной возникновения новых типов правонарушений. ОЭСР и Совет Европы создали исследовательские комиссии для изучения явления киберпреступности

Введение графического интерфейса в 1990 годы за которым последовал стремительный рост числа пользователей Интернета привело к возникновению новых проблем. Информация размещенная законным образом в открытом доступе в одной стране становилась доступной из любой точки мира.

Так же как в предыдущие десятилетия в XXI веке в компьютерной преступности и киберпреступности продолжали появляться новые тенденции. Первое десятилетие нового тысячелетия прошло под знаком новых методов совершения преступлений таких как рассылка подложных сообщений то есть фишинг, атаки разного вида и др. Изменились не только методы совершения преступлений, но и их масштаб. Существует очень большое количество видов киберпреступности. Например: незаконное получение данных, искажение данных, расизм и агрессивные высказывания в средствах массовой информации, незаконные азартные игры и онлайн-игры, клевета и фальшивая информация, спам, вымогательство. Все большее количество правонарушителей на данный момент прибегают к использованию виртуальных денег представляя себя от лица банка. По результатам исследования компании все еще недооценивают угрозу вымогательства. Для преступников несомненным преимуществом использования электронных денег является возможность анонимного открытия и пополнения желто кошельков.

Правоохранительные органы должны продолжать расширять сотрудничество для обмена знаниями, опытом, практикой. Чтобы противостоять киберпреступности, правоохранительные органы должны вкладывать все возрастающие средства в проведение судебной цифровой экспертизы, а также создание специальных лабораторий, позволяющих достоверно устанавливать следы киберпреступлений. Полицейские органы должны быть оснащены программными средствами, позволяющими вести наблюдение, отслеживание, пресечение и расследование преступлений в Darknet.

Перечисленные выше меры являются первоочередными с точки зрения эффективности борьбы с киберпреступностью

При максимальном развитии дистанционных методов борьбы с киберпреступностью сохраняет свое значение агентурная работа среди киберпреступников. Только она может в ближайшее время обеспечить не просто повышение уровня раскрываемости компьютерных преступлений в зародыше и их профилактика.

Перейдем к нашей второй теме.

Наркотическая преступность является одним из наиболее опасных видов организованной преступности, угрожающих устоям общества и безопасности наций. Между тем наркотическая преступность не только в нашей стране но и в других странах СНГ в высшей степени остается латентной. Ее раскрываемость еле достигает до 10% в лучшем случае.

Наркоман потребляя наркотики и испытывая ломку организма всегда стремится к тому чтобы испытали эту боль другие люди, либо за определенное вознаграждение от наркобизнесменов. Он невольно поставлен в такие условия что вовлекает к приему большой круг своих знакомых различными способами, особенно несовершеннолетних которых легче чем взрослых.



Находясь в состоянии абстиненции то есть ломки и зачастую денежного кризиса, наркоман готов пойти на любые крайние меры вплоть до совершения преступления по заказу-лишь бы получить своевременную дозу наркотика

Высок удельный вес среди наркоманов безработных. На некоторые виды профессий они потенциально опасны как для самих себя, так и для окружающих их людей. Это не полный перечень аргументов, по которым определяется общественная опасность личности наркомана в современных условиях. Сегодня в Казахстане стать наркоманом чрезвычайно просто, а вот избавиться от нарко зависимости значительно труднее.

Снизить спрос на наркотики-значит, сделать первый шаг для оздоровления казахского общества. Наркоманами становятся не сразу. Многое зависит от индивидуальных характеристик индивида и вида принимаемых им наркотиков. В одних случаях привыкание к растительным и химическим препаратам наступает чуть ли не с первого раза, а в других-требуются недели, месяцы и даже годы.

Преодоление незаконного оборота наркотических средств и психотропных веществ в нашей стране на современном этапе осуществляется на основе упоминавшейся «Стратегий борьбы с наркоманией и наркобизнесом».

Для достижения целей, связанных со стабилизацией наркоситуаций в регионе и решения приоритетных задач в каждой области, городах Астане и Алматы на основе Стратегий разработаны и приняты региональные программы борьбы с наркоманией и наркобизнесом. Основной их целью стало создание системы эффективного государственного и общественного противодействия дальнейшему распространению наркомании и наркобизнеса на местах.

Без эффективной экономики невозможно надлежащим образом компенсировать вред причиняемый наркотической преступностью. Возмещение ущерба со стороны государства, причиняемого преступлениями в том числе и ее разновидностью-незаконным оборотом наркотиков стала проблемой мирового характера. В настоящее время, согласно мнения экспертов ООН невозможно осуществить точную оценку экономических последствий.

Обобщая все выше изложенное по проблемам совершенствования законодательства применительно к предмету нашего исследования, считаю целесообразным выделения в самостоятельную главу все нормы УК в которых предусмотрена ответственность за наркотические преступления.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Каиржанов Елеген Изтлеуович, Исимов Серик Аяшевич. Наркотическая преступность Шымкент - 2006 г.
2. Основы борьбы с киберпреступностью и кибертерроризмом. Хрестоматия сост. В.С. Овчинский Москва: Норма 2020
3. Баландин, Р. К. Наркоцивилизация : Мнимая реальность / Р. К. Баландин. – М. : ЭКСМО : Алгоритм, 2003. – 444 с.
4. Егоров, А. Ю. Возрастная наркология : учеб. пособие для студ. вузов и сред. пед., психологич. и медицинских учеб. заведений / А. Ю. Егоров. – СПб. : Дидактика Плюс ; М. : Ин-т общегуманитар. исслед., 2002. – 267 с.



ӘОЖ: 004.056

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ХАЛЫҚТЫҢ КИБЕРҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Әбдіғани Рамазан Ерғалиұлы

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету» мамандығының 1 курс курсанты.
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Мақалада интернет-алаяқтықтың алдын алу шаралары, кибер шабуылдарға қарсы тұру мен цифрлық сауаттылықтың маңызы туралы айтылған. «Жаңа Қазақстан» құру үшін бұл мәселеге аса назар аударып, оның болашақ қоғамға өз кері әсерін бақылауға ала отырып, цифрлық сауаттылықтың жаңғыруын оң жағынан пайдалануға адамдар арасында құндылықтар қалыптастыру ұғымы мен тәрбиесі талданды.

Кілт сөздер: киберқауіпсіздік, халық, сауаттылық, CyberPol, білім, интернет, программа, цифрлық Қазақстан, технология, құзыреттілік.

Заманауи әлемде технология өмірдің ажырамас бөлігіне айналды және оны пайдалана білу сән үрдісі ғана емес, өмірлік қажеттілік болып табылады. Қазіргі әлеуметтік қоғам тікелей әлеуметтік желілерге байланысты екені бәрімізге айқын. Цифрлық технология мен интернет ресурстарын қолдану өз жетістігін де, зиянын да беруде. Сол мәселелердің ішінде цифрлық сауаттылықтың дұрыс қалыптаспауы - кибербуллинг, кибералаяқтық секілді құқық бұзушылықтар пайда болуына өз әсерін беріп тұр. Егерде, адамдар өзіндік программистік білімін арттырса, айтылған мәселелердің көлемі біршама азаяр ма еді?. Цифрлық Қазақстан әлемдік желіде жетекші орынға ие деп айта алмаймыз. Ұлттық статистика бюросы ұсынған деректерге қарағанда, халықтың 54%-ы ғана интернетке қол жеткізе алады. Бұл дереккөздің өзі халықтың әлі толық цифрландыру жүйесіне толық өтпегенін көрсетеді. Кез-келген салада желілік қызмет тұрақты жұмыс атқаруды қалыптастырады. Яғни, байқағанымыздай цифрлық сауаттылықтың қажеттілігі әрқашан керек. Бірақ, қазіргі адамдар цифрлық сауаттылығының төмендігінен интернет ресурстарын тиімсіз және қолжетімсіз пайдалануда. Бір қарағанда, цифрлық сауаттылықты компьютерлік жүйемен толық байланыстырып жібереді. Дегенмен, бұл технологияны тереңірек түсінуді және гаджеттердің, блогтардың, әлеуметтік желілердің, электрондық поштаның және т.б. жұмыс істеудің негізгі принциптерін білдіреді. Сонымен қатар, цифрлық сауаттылық интернет қауіпсіздігі, цифрлық тұтыну, кибербуллинг және цифрлық этика сияқты тақырыптарды қамтиды.

Цифрлық сауаттылық - адамның жеке басының қауіпсіздігіне тікелей әсер беретін, киберқылмыстарға төтеп бере алатын бірден-бір білім, әрі цифрлық дағды және желідегі ақпараттың қажеттілігінің маңызын түсінуге мән беретін, жеке бас құқығына, мүлкіне мұқият болуға көмек беретін қабілет. Цифрлық сауаттылық адамның цифрлық технологиялар мен онлайн платформаларды пайдалану, түсіну және тиімді әрекеттесуіне жол ашады. Ол ақпаратты іздеуді, сандық мазмұнды талдауды және бағалауды, сандық материалдарды жасау мен таратуды қамтитын бірқатар дағдыларды қамтиды. Оны дұрыс меңгермегендіктен, қоғам алаяқтық пен жалған әлемнің қисыңсыз зиянын шегуде.



Жасөспірімдерге қарағанда жасы үлкен немесе кәрі адамдар интернет-алаяқтықтың құрбаны болатыны қазіргі деректер бойынша талданған.

Негізгі себептері:

1. Цифрлық сауаттылықтың болмауы;
2. Цифрлық технологияны дұрыс қолданбау;
3. Таныс емес адамдарға тез сенгіштік қасиеті;
4. Сыни ойлау қасиетінің болмауы және т.б.

XXI ғасырда әлемнің бүкіл мемлекеттері барлық бағытта цифрлық жүйеге көшті. Еліміздегі «ЦИФРЛЫҚ-ҚАЗАҚСТАН» мемлекеттік бағдарламасы цифрлық мемлекетке көшу жобасының негізгі тірегі болып табылды. Оның арқасында Қазақстан экономикасы бірқатар шарықтап, тұрмыстық деңгейдің көрсеткіші көтерілді. Әрине, әр адамның мұндай дүниелерге көзқарасына қарай қоғам өзгереді, бірақ та бұл ғаламдық қажеттілікке саналғандықтан, қоғам бұл дүниеге дайын болып, оны дұрыс жолда қолдануы керек. Осы себептен де елімізде бағдарламалық білімнің болуы маңызды.

Бағдарламалық білім – цифрлық технологияның қолданылуын түсінуге қажет етілетін ой-түйсік. Бағдарламалық білімнің бізге қажеттілік тудыру себебі:

- 1) Цифрлық құзыреттілігімізді арттыру мақсатында;
- 2) Кибералаяқтық және кибербуллинг секілді құқықбұзушылықтардың алдын алу;
- 3) Өртүрлі салаларда ақпараттық-технологиялық жетістіктерге жетуі;
- 4) Белгілі бір іс-әрекеттерді оңалту жолында, бір сөзбен айтқанда, цифрлық тұтынушылықты көбейту, қарқынды дамыту.

Цифрлық Қазақстан біздің қорғау және даму меншігімізде екенін біз түсіне бермейміз. Әр саланың толық цифрлануы мемлекеттің экономикалық, саяси, индустриалды көркеюіне өте көп жағдайда әсер етеді. Бағдарламалық білімнің шыңына жеткен мемлекеттер бізден қаншама есе дамып кеткені бізге белгілі, оның себебі, цифрлық құзыреттілікке қол жетімділік деп айтуға болады. Қаншама қиын жұмыстарды технологиялық жолмен жетелдіріп, адамдарға оны жеңіл түрде ұйымдастырып беріп жатыр. Программаны үйрену қазіргі жастарға оңай көрінеді, бірақ білікті алаяқтар қаншама адамды сан соқтыруда. Сол себептен, жас буыннан кәрісіне шейін адамдарға цифрлық сауаттылығын арттыру құнды. Сонда ғана, еліміз киберқауіпсіз елге айналмақшы. Қаншалықты біздің цифрлық сауаттылығымыз жетіледі, соншалықты біз кибералаяқтық пен киберқылмыстардан аулақ боламыз, әрі цифрлық құзыреттілігіміз және оны тұтынушылығымыз бізге өз пайдасын алып келіп, өмірімізді түзу жолда жүруімізге септігін тигізеді.

Ғылым да, білім де дамуда, алайда, олар цифрлық технологияның дамуымен бірге өсіп келе жатқанын ұмытпағанымыз жөн. Кім программалық тілден мықты болса, ақпарат көздерін басқаларға қарағанда көбірек біледі, әрі өзінің зерттеу жұмыстарын жаңа талдаулар ретінде көрсете алады. Жаһандану үрдісі цифрландыруды басты орынға қояды, өйткені, ол арқылы бүкіл жаһандық мәселелер мен проблемаларды тудыратын факторлар бізге жеткізіліп, көрсетілуде. XXI ғасырда киберқауіпсіздікті орнату үшін құқық қорғау органдары қарқынды жұмыстар жасауды талап етуде. Ішкі Істер министрлігінде CyberPol, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінде IT-қызметкерлер және басқа да құқық қорғау органдарындағы қызметкерлер ел қауіпсіздігі үшін белсенді жұмыс атқаруда. Соның ішінде, CyberPol бағдарламасы өте керемет жұмыстар жүргізуде.

«CyberPol» – Ішкі істер министрлігі цифрлық технологиялар саласындағы қылмыстармен күресу, мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында қолға алынған пилоттық жоба. Құрамында бес тергеуші, бес анықтаушы және бір IT-криминалистен тұратын «CyberPol» ереуілінің



жедел тобы қысқа жұмыс уақытында интернет желісіндегі 234 алаяқтықты әшкерелеп, 184 қылмыстық істі сотқа жіберді. Мұның өзі халық үшін - жетістік.

Жақында Мемлекет басшысының тапсырмасымен киберқылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде Ішкі істер министрлігінде жаңа бейінді департамент құрылды. Бұл бастама азаматтарды заманауи қауіп – киберқылмыстан қорғауға бағытталған. Департамент киберқылмыстарды анықтаумен және ашумен, олармен күресте стратегиялық қадамдарды әзірлеумен айналысатын болады. Дегенмен де көп жағдайда бұл мәселенің шешімі көбіне ол адамдардың цифрлық сауаттылығына байланысты[1].

Адамдардың кибералаяқтардың арбауына түсіп қалудың, әрі кибербуллингке ұшырауына бірнеше себептері бар. Атап айтар болсақ,

1) онлайн-сайттарға кірген кезде кез-келген сілтемені басып өте бермеу, алдымен барынша ол сайттардың қауіпсіз екенін тексеріп алу қажет;

2) таныс емес адамдар хабарласып, сіздің жеке мүлік немесе жеке ақпараттарыңыз туралы білгісі келгенде, оларға ешқандай жауап қайтармау;

3) белгілі бір топтардың ішіне қызуғышылықпен кірген кезде барынша абай болу, ойын немесе басқада іс-шараларға қаражат көзін салу үшін оның шынайы немесе жалған екеніне толықтай көз жеткізіп алу;

4) ҚР Республикасы азаматы ретінде заң шеңберінің қорғау. Тек ондай жағдайда, байсалды қызмет етіп, ондай адамдарға мән бермей, олардың сізге байланысқа шығуын шектеп, құқық қорғау органдарынан көмекке жүгіну;

5) жасанды интеллект туралы түсінік қалыптастыру, оны тани ала білу[2].

Жоғарыда көрсетілген қарапайым ережелерді білу әрқайсымыз үшін маңызды ақпарат болып табылады. Интернет - ресурс көзі, бұл айналадағы көріністің бізге тез арада жетуін қамтамасыз етеді. Қазіргі Қазақстандық жастар телефон, гаджет, компьютер сияқты цифрлық технологияларды жай-жайдан тұрақты күйде меңгеруде. Дегенмен оның кемшіліктерін де атып өту қажет. Жаңа ақпараттық технология кибералаяқтық мәселесін өзекті мәселеге айналдырды. Кибералаяқтық - бұл интернет көзі немесе цифрлық технологиялар арқылы адамдардың сеніміне кіру арқылы алдаудың және шығынға ұшыратудың жаңа түрі. Қазіргі таңда кибералаяқтықпен күрес тоқтамауда, әрі өз жалғасын табуда. Тіпті кейбір әлеуметтік желілерде адамдарды қанаудың түрлері ашық түрде жасалуда. Мысалға айтып өтетін болсақ, Telegram месенджерін аларлық. «Белгілі бір топ арнайы бағытта жұмыс жасап жатып, оқырмандар арасында ойын өткізеді. “Ақшаны көп мөлшерде қайтарып беремін” деп уәде беріп, яғни, адамның толық сеніміне кіріп, оның ақшасын ашық түрде алып, ол адамды шығынға ұшыратады. Осы іс-әрекетті ұйымдастырушы тұлға тез арада дәлелдемелерді өшіріп, месенджердегі ізін қалдырмайды». Осы сияқты қоғамда орын алып жатқан көптеген киберқылмыстар жауапкершілікке тарту қиынға соғуда. Осы кезде қоғам үшін көмекке келетін жалғыз қабілет бар. Ол әрине: «Цифрлық сауаттылықты» қалыптастыру. Цифрлық сауаттылық киберқылмысқа қарсы қоғамның иммунитеті десек де болады. Цифрлық инфрақұрылым, ақпараттық автоматтандыру жүйелері қазіргі білім мен ғылым беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Елімізде барлық платформалар мен онлайн жүйелер іске қосылған, оған бейімделу іс-әрекеті өз жалғасын табуда. Әр тұлғаға мектеп кезден ер жетіп, есін білгенге шейін, тіпті әрі қарайда цифрлық сауаттылығын дамытуды заман талабы. Білікті маман, артық біліп жатқан жағдайда елдің цифрландыру жүйесін көркейтері анық. Бұл мәселе сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да өз маңызын ешқашан жоғалта қоймайды.

Цифрлық сауаттылықты дамыту үшін белгілі шарттарды орындап, қабілеттерді қалыптастыру керек. Олар:



1) Онлайн-қауіпсіздік орнату. Құпия сөз, маңызды смс-тер және жеке ақпараттармен ешкіммен бөліспеу;

2) Жалған ақпараттарды анықтау. Жалған ақпаратты анықтау арқылы кибералаяқтықтан бір қадам болсын алға жүруге болады;

3) Цифрлық технологияны қолдануда жауапкершілік таныту. Егерде кез-келген бір процеске бей-жам қарасаңыз, өзіңіз білмеген бір шығынға ұшырауыңыз мүмкін;

Цифрлық дамыту үшін белгілі программалық білім алмасу және оны шыңдау үшін тәжірибелер өткізу. Мұның барлығы әр адамға керек дүние. Егер адам ең алдымен өз-өзін қорғай білмесе, онда ол қиыншылықтарға ұшырау мүмкіндігі жиі орын алып отырады.

Болашақ киберқауіпсіз Қазақстан – әр қазақстандықтың мақсаты болуы керек. Цифрлық технология қоғамдық өмірге мол әсерін тигізуде. Оны қолдана білу тұлғаның міндеті, себебі, заман солай қалыптасқан. Кімде-кім заман талабына сай өмір сүрмесе, ол қоғам басқа қоғамдарға қарағанда әрқашан артта жүреді. Мәдениетті таныту, рухани жаңғырудың өзі ақпараттық технологияның көмегімен іске асуда. Оның қауіпсіз болып әрқашан қолжетімді жағын пайдаланып, «Болашақ киберқауіпсіз Қазақстан» құру – біздің қолымызда. Ой-түйсікті жетілдіріп, цифрлық сауаттылығымызды дамыту – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Адамдардың күнделікті және кәсіби қызметтерді киберқауіпсіз атқаруы – бұл алдағы міндет, ал орын алып, іске асуы – абырой. «Цифрлық сауаттылық» сөзі жиі кездесе беруі - бұл біздің қажет ететін ресурстар мен құндылықтардың қауіпсіз қамтамасыз етілуі үшін. Қазақстан «Цифрлық Қазақстанға» орын ауысуы, көшуі біз үшін бағалы, құны бар дүние болды. Ал оны жетілдіру немесе дәрежесін төмендету, моральдық әрі материалдық шығынға ұшырату ең алдымен әрқашан өзіміздің қолымызда. Сондықтан, әр тұлға цифрлық сауатты болып, еліміздің цифрлық құзыреттілігін өсіре отырып, оны биік шыңдарға белсенді түрде жетелеу керек.

Қазақтың ұлы хандарының бірі Абылай хан: «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, Білімге сенер заманда қапы қалып жүрмелік» - демекші, әр білімді тұлға заманның өзгеріске ұшыраған цифрлық жүйесін сауатты түрде меңгеруге дайын жүруі керек. Сонда ғана, болашақ Қазақстан Республикасы- киберқауіпсіз мекенге айналып, жетекші индустриалды мемлекеттердің қатарынан көре аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №24, 2020 жыл.
2. Г.К.Селевко. Компьютерные (новое информационные) технологии обучения.
3. <https://polisia.kz/ru/proekt-cyberpol-pokazyvaet-rezul-taty/>.
4. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>.
5. Сулейманов М. Д., Бардыго Н. С. "Цифровая грамотность". Первое экономическое издательство.
6. А.Н.Баланов. Кибербезопасность. Учебник для вузов.



ЭОЖ 004.056

**ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ КИБЕРБУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ
АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ****Батырбекұлы Алдияр**

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының «Құқық қорғау қызметі» мамандығының 1 курс курсанты.
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Мақалада жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг мәселесі және оның бүгінгі таңдағы көріністері, тарихи қалыптасу кезеңдері, оған әсер ететін факторлары мен түрлері талданады. Сонымен қатар кибербуллингтің алдын алу бойынша кешенді шаралар ұсынылып, қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және болашақ ұрпақтың қауіпсіз дамуына бағытталған.

Кілт сөздер: буллинг, кибербуллинг, ғаламтор, гаджет, әлеуметтік желі, жасөспірімдер, қысым, зорлық-зомбылық, депрессия, үрей, суицид.

Адамзат баласы тарихында технологиялық қарыштап дамыған кезеңі -XXI ғасыр десек болады. Осы күнге дейін ғаламтор және компьютер, гаджет секілді технологиялар аса қарқынды дамыған емес. Осы технологиялардың дамуы нәтижесі адамдардың технологияларды теріс ниетте пайдалануға алып келуде. Нәтижесінде ғаламторда кибербуллинг атты құқыққа сыйымсыз іс әрекеттер пайда болуда.

Кибербуллинг-бұл адамды қорлау, үрейлендіру, қудалау, кемсіту мақсатында ғаламтордың көмегімен жүзеге асырылатын онлайн зорлық зомбылық түрі. Кибербуллинг әлеуметтік желілерде, онлайн ойындарда басқа интернет платформаларында кең таралған.

«Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығында:

«баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе масс-медиа және (немесе) телекоммуникация желілері және (немесе) онлайн-платформалар пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг)» деп келтіріледі. [5].

Бүгінгі таңда кибербуллинг жасөспірімдер арасында кең таралуда. Оның салдары психологиялық тұрғыдан өте ауыр болуы мүмкін. Ол жәбірленушінің өзін-өзі бағалау деңгейін төмендетіп, күйзеліс тудырады, тіпті психикалық және денсаулық мәселелеріне әкелуі мүмкін. Сондықтан кибербуллингтің алдын алу үшін балалар мен ата-аналарға интернеттегі қауіпсіздік ережелерін білу және қажет кезде көмекке жүгіну өте маңызды.

Жасөспірімдер арасында кибербуллинг кең тарауы жастардың психологиясына теріс әсер етуде. Қазақстан Республикасы Конституциясының 3 бабының 1 бөлігінде “Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы-халық” деп тайға таңба басқандай жазылған. [1]. Кибербуллинг жасөспірімдердің психикасына, өміріне теріс әсер еткені мемлекеттің өзіне көптеген теріс салдарын алып келеді. Осы конституциялық норманы сақтау өзге заңдардың тікелей міндеті болып табылады.



Кибербуллинг тақырыбындағы ең маңызды және өзекті туындайтын сұрақ ол кибербуллинг қашан және қалай пайда болды?! Жалпы кибербуллинг пайда болуын ғаламтордың пайда болуына тікелей байланысты Тарихи тұрғыдан кибербуллингтің пайда болуына әсер еткен бірнеше факторларды бөліп қарастыруға болады. Олар:

1. 1990-жылдардың соңы – Интернеттің кеңінен таралуы: Жеке адамдардың интернетке қолжетімділігі артып, онлайн чаттар, электронды пошта, форумдар пайда бола бастады. Бұл платформаларда адамдар бір-бірімен анонимді түрде байланыса бастады, ал анонимдік көп жағдайда қудалау мен қорлауды жеңілдетті.

2. 2000-жылдардың басы – Әлеуметтік желілердің дамуы: Facebook, MySpace, Twitter және басқа да әлеуметтік желілер пайда болды. Жасөспірімдер мен жастар осы платформаларда белсенді бола бастады, ал бұл кибербуллингтің жаңа формаларының тууына ықпал етті. Әлеуметтік желілерде адамдар өз пікірлерін ашық білдіре бастады, бұл кейбіреулердің басқаларды қорлауына мүмкіндік берді.

3. Смартфондар мен мессенджерлердің кеңінен қолданылуы: 2010 жылдардан бастап смартфондар қолжетімді болып, WhatsApp, Viber, Telegram және басқа да мессенджерлердің көмегімен адамдар үнемі байланыста бола алатын болды. Бұл жағдай кибербуллингтің жиілігін арттырды, себебі қысым жасау немесе қорлау әрекеттерін кез келген уақытта және кез келген жерде жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болды.

4. Онлайн ойындар мен анонимдік платформалар: Онлайн ойындарда және анонимдік платформада (мысалы, 4chan, Reddit сияқты) пайдаланушылар бір-бірімен белсенді араласып, кейде қудалау мен қорлауға ұшырап жатады. Бұл кибербуллингтің жаңа түрлерін, мысалы, “геймерлерді қудалау” немесе “троллинг” сияқты әрекеттерді тудырды. [2].

Аталған фактілерге сүйене отырып, кибербуллингтің пайда болуына тікелей әсер еткен ғаламтордың пайда болуы және осының нәтижесінде онлайн платформалар мен телефон, гаджеттерді кейбір тұлғалардың теріс мақсатта пайдалануы деп айтамыз.

Жалпы кибербуллинг ғаламтордағы платформалар көмегімен жасалынатын әрекет екені мәлім. Бірақ кибербуллинг кімдерге жасалынады және кибербуллингке түсетін жасөспірімдердің психологиясына қалай әсер етеді деген заңды сұрақ пайда болады. Психолог мамандардың пікірінше, кибербуллинг кез-келген адамға жасалынады. Бірақ көбіне кибербуллингке жасөспірімдер ұшырып жатады. Сол себептен де кибербуллингке ұшыраған балалар мен жасөспірімдерді келесідей санатқа бөлуге болады:

- Мектеп оқушылары: Әсіресе жасөспірімдер мен орта мектеп оқушылары арасында жиі кездеседі. Жасөспірімдер арасында кибербуллингтің басты себептері – өзге оқушылардың назарын аудару, беделін көтеру немесе біреуді кемсіту арқылы топ ішінде өз орнын нығайту.

- Оқудағы озаттар немесе ерекшеленген оқушылар: Көп жағдайда озат оқушылар немесе ерекше қабілеті бар балалар құрдастары тарапынан қызғаныш пен қысымға ұшырайды.

- Жаңа ортаға келгендер: Жаңа сыныпқа немесе мектепке келген оқушыларды қабылдамай, оларға қысым көрсету сияқты жағдайлар кездеседі. [3].

Жалпы барлық балалардың қолайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету, оларды зорлық-зомбылықтан қорғаумен қатар дамуы, тәрбиесі мен білім алуы кез келген мемлекет үшін әлеуметтік саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық ақталмайды және олардың алдын-алуға болады. Біздің мемлекетіміз үшін дені сау, психологиялық мәселелері толық қамтамасыз етілген продуктивті ұрпақ тәрбиелеу еліміздің негізгі басымдылықтардың бірі.



Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесі мен БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) 2012 жылы жүргізген зерттеуге сәйкес, өткен жылы балалардың 66,2%-ы мектептегі зорлық-зомбылық немесе кемсітушілікке ұшыраған. Бұл 3 баланың 2-і зорлық-зомбылықтың куәгері, құрбаны немесе инициаторы болғанын білдіреді. Бұл ретте балалардың 40%-ы психологиялық зорлық-зомбылықтың құрбаны болғанын, 21,4%-ы физикалық зорлық-зомбылықтың құрбаны болғанын, 15,5%-ы кемсітушілікке ұшырағанын көрсеткен. [2]

2018 жылы Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының (ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының) ғалымдарынан құралған «Мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау» (МБСМ) бойынша ғылыми-зерттеу тобы қазақстандық жасөспірімдер арасындағы денсаулық пен әл-ауқат көрсеткіштерін зерттеу мақсатында сауалнама жүргізген.

Сауалнама барысында мектеп оқушыларынан соңғы екі айда мектепте қорқыту/кибербуллингке қаншалықты жиі қатысқаны немесе оның құрбаны болғаны туралы сұрақтарға жауап берген. Белгілі болғандай, 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 17 пайызы мектепте айына бір немесе бірнеше рет қорқытуға ұшыраған. Ауылдық оқушылармен салыстырғанда қала оқушылары жиі қорқытудың құрбаны болады.

Сонымен қатар, жаңа технологиялардың дамуы мен әлеуметтік желілердің танымал болуы бопсалаудың жаңа түрі – кибербуллинг пайда болды. Кибербуллинг мысалдарына қорлайтын хабарламалар жіберу, әлеуметтік желі сайтында кемсітетін пікірлерді жариялау, қорлайтын фотосуреттерді жариялау және электронды түрде біреуді қорқыту жатады.

Кибербуллинг жасөспірімдердің денсаулығына теріс әсер етіп, депрессия, үрей, өзін-өзі төмен бағалау, эмоционалдық бұзылулар, суицидтік мінез-құлық сияқты күрделі мәселелердің өршуіне ықпал етеді.

Зерттеу нәтижесі бойынша 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 12%-ы кем дегенде бір рет немесе одан да көп кибербуллингке ұшырағаны белгілі болды. Жасөспірімдердің 11% кем дегенде бір рет басқа адамдарға киберқорқыту тәжірибесі туралы хабарлады. Бұл мінез-құлық ер балаларда жиі кездеседі екен. [1]

Осы себепті кибербуллингті жою және оның көлемін азайтудағы күресті тікелей мемлекеттің өзі өз құзыреттілігіне алуы тиіс және қоғамның әрбір мүшесі кибербуллингтің дұрыс емес, құқыққа сыймайтын әрекет екенін түсінуі қажет. Кибербуллингтен зардап шегіп, ауыр психологиялық қиындықтарға тап болған немесе өмірін қиюға дейін барған адамдардың нақты жағдайлары кибербуллингтің қаншалықты қауіпті екенін көрсетеді.

Осы мәселеге байланысты бірнеше жағдайларды мысалға келтіруге болады:

1. Меган Майер (АҚШ)

- Жасы: 13

-Оқиға: 2006 жылы Меган Майер есімді жасөспірім әлеуметтік желіде құрбылары тарапынан қатты қысым көріп, қудалауға ұшырады. Әлеуметтік желіде оған өз жасын жасырған ересек адам жалған аккаунтпен дос болып, кейіннен қорлайтын хабарламалар жаза бастаған. Нәтиже: Меган кибербуллингтің салдарынан депрессияға түсіп, өзіне қол жұмсады. Бұл жағдай кибербуллингке қарсы заңдардың қабылдануына әсер етті және кибербуллинг туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған науқандарға түрткі болды.

2. Тайлер Клемент (АҚШ)

-Жасы: 18

-Оқиға: Тайлер Клемент есімді жас жігіт колледжде оқу кезінде кибербуллингке ұшырады. Оның жеке өмірін видеоға түсіріп, бұл жазбаларды интернетте таратып жіберген. Тайлер бұл қорлыққа шыдай алмай, көпірден секіріп, өзіне қол жұмсады.



Нәтиже: Тайлердің қазасы қоғамда үлкен резонанс тудырды. Кибербуллингтің зияны мен оның алдын алу мәселелері кеңінен талқыланып, бұл жағдай АҚШ-та «Тайлер Клементтің құқығы туралы» заң жобасының қабылдануына ықпал етті. [6]

Бұл оқиғалар шетелде орын алып отыр. Осындай кибербуллингтің Қазақстанда бар екенін толықтай жоққа шығара алмаймыз. Буллингке қатысты Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі 2022 жылы 25 қыркүйекте хабарлама жасап, статистикалық мәліметтерді жариялаған болатын. Нәтижесінде:

- Балалардың 17,5% - ы анда-санда буллингке ұшыраған;
- Жасөспірімдердің 6,8%-ы айына екі рет қорлаудан зардап шекті;
- 11-15 жас аралығындағы балалардың 14,1% - ы кем дегенде бір рет құрдастарының қорқытуына қатысқан.

Бұл статистикалық мәлімет кибербуллингтің және буллингтің құрбандары көбінесе балалар мен жасөспірімдер екенін дәлелдейді. Өкінішке орай, статистикалық мәліметтер көңілді қоншытпайды. [3]

Кибербуллинг пен буллингтің көлемі үлкен екенін түсіндік. Осыған қарсы қандай шаралар қолдана аламыз:

1. Ата-аналар мен отбасы деңгейінде

- Балалармен ашық сөйлесу: Ата-аналар балалармен үнемі кибербуллингтің салдары туралы ашық сөйлесіп, қандай жағдайлар болатынын және ондай жағдайларда не істеу керектігін түсіндіруі қажет.

- Интернеттегі белсенділікті бақылау: Ата-аналар балалардың әлеуметтік желілерде не істейтінін қадағалап, кімдермен сөйлесетінін бақылауы қажет. Алайда, бұл шектеу емес, қолдау ретінде жүргізілуі тиіс.

- Қауіпсіздік ережелерін үйрету: Балаларды жеке ақпаратты ешқашан интернетте жарияламауға, бейтаныс адамдармен байланыс жасамауға және жеке суреттерін бөліспеуге үйрету.

2. Мектептер мен оқу орындарында

- Кибербуллингке қарсы бағдарламалар: Мектептерде кибербуллингтің алдын алу үшін арнайы бағдарламалар мен тренингтер өткізу маңызды. Оқушыларға буллингтің салдары және одан қорғану жолдары туралы білім беру керек.

- Мектеп психологтарының жұмысы: Мектептерде психологтар оқушылармен жеке немесе топтық түрде жұмыс істеп, психологиялық қолдау көрсетуі қажет. Психологтар буллингке ұшыраған оқушыларға қажетті көмек көрсете алады.

- Құпия хабар беру жүйесі: Оқушылар кибербуллингке тап болған жағдайда немесе оның куәсі болған кезде мұғалімдерге немесе мектеп басшылығына хабарлай алатын құпия хабар беру жүйесі орнатылуы керек.

3. Құқықтық шаралар

- Заңнаманы күшейту: Көптеген елдерде кибербуллингке қарсы арнайы заңдар қабылдануда. Қазақстанда да бұл мәселеге қатысты заңнамаларды жетілдіру қажет, сондай-ақ қудалау, қорлау және жеке ақпаратты жариялау жағдайларына қатаң шаралар қолдану керек.

- Жәбірленушілерге құқықтық көмек: Кибербуллингтен зардап шеккен адамдарға құқықтық көмек көрсету жолдарын жеңілдету және олардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік беру маңызды.

4. Әлеуметтік желілер мен интернет платформаларының рөлі

- Контентті модерациялау: Әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар буллингке қатысты контентті анықтап, оны тез арада өшіру жүйелерін күшейтуі тиіс. Қорлау, кемсіту, зорлық-зомбылыққа шақыратын контенттерге тыйым салу қажет.



- Анонимдік есеп беру мүмкіндігі: Пайдаланушылар анонимдік түрде кибербуллинг жағдайларын хабарлай алатын есеп беру жүйесін қолдану маңызды. Бұл жүйе адамдардың қудалауды ашық түрде жариялауын жеңілдетеді.

- Пайдаланушыларға көмек қызметі: Әлеуметтік желілерде жәбірленушілерге көмек көрсету үшін арнайы қызметтер немесе қолдау орталықтары болуы керек.

5. Жеке деңгейде өздігінен қорғану әдістері

- Қауіпсіздік параметрлерін баптау: Әлеуметтік желілерде жеке ақпаратты қорғау үшін қауіпсіздік параметрлерін дұрыс баптау керек. Профильді тек достарға ғана қолжетімді ету, бейтаныс адамдардан хабарламалар қабылдамау сияқты шаралар кибербуллингтің алдын алуға көмектеседі.

- Қудалаушыны бұғаттау және есеп беру: Кибербуллингке ұшыраған адам өз профилінде қудалаушыны бұғаттап, әкімшілікке есеп бере алады. Бұл әдіс буллингтің одан әрі жалғасуына жол бермейді.

- Эмоционалдық қолдау іздеу: Кибербуллингке тап болған адамдар отбасы мүшелерімен, достарымен немесе психологпен сөйлесіп, эмоциялық қолдау алуы тиіс.

6. Қоғамдық деңгейдегі шаралар

- Ақпараттандыру және насихаттау: Қоғамда кибербуллингтің зияны туралы хабардар ету үшін ақпараттық науқандар ұйымдастыру, арнайы күндер мен акциялар өткізу маңызды. Мектептерде, университеттерде және қоғамдық орындарда кибербуллингке қарсы лекциялар мен семинарлар өткізу кибербуллингтің алдын алуға ықпал етеді.

- Күпия қолдау желілері: Қоғамда кибербуллингке тап болған адамдарға қолдау көрсететін күпия телефон желілері мен онлайн қызметтер жұмыс істей алады. Мұндай қызметтер қиын жағдайда қалған адамдарға көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы шараларға аса мән беретін болсақ, кибербуллингке түспеудің ең тиімді шарасы ол ата-ананың балаға деген махаббатында. Қоғамда болып жатқан құқықбұзушылықтардың көп бөлігін әлеуметтік жағдайы төмен отбасындан шыққан азаматтардың жасайтындығы көруімізге болады. Мысалы Ринат Балғабаеттың түрмеде отырған әйелдердің басынан өткен оқиғалар өз деректі фильмінде көрсетеді. Ол адамдардың көбісі балалар үйінен шыққан және ерте жаста жалғыз басты ана атанған. Бұл факт құқықбұзушылықтарды әлеуметтік жағдай төмен және отбасыда қиындық көрген балалар болашақта құқықбұзушылық жасауға бейім болатынын дәлелдейді.

Кибербуллинг қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті жоятын терісқылық болып саналады. Сондықтан да осы жағдайды болдырмау шаралары тек отбасылық деңгейде қалып қоймауы қоғам үшін өте маңызды. Қазақстан Республикасына кибербуллингке қатысты заң нормаларын жетілдіру киберқауіпсіздіктің кепілі. Кибербуллинг құрбандары психологиялық соққылар алып, оның салдары қоғамдық мәселеге айналууда. Осы мәселені әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қарастыра болсақ, “Қазақстан Республикасында кибербуллинг үшін қандай жауапкершілік пен жаза бар?” деген сұрақ туындайды. Қазақстан Республикасы заңдарында кибербуллинг нақты бір қылмыс немесе құқықбұзушылық деп қарастырылмаған. Мемлекет және құқық теориясында “анология” деген ұғым бар. [7] Заңдар қоғамдық қатынастарды толықтай реттей алмауы мүмкін. Осыған байланысты заң аналогиясы пайдаланылады. Кибербуллингке қатысты қолданылуы мүмкін шаралар:

1. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексі(2014ж,5 шілде) 434 бабы,1 тармағы “Ұсақ бұзақылық”. Яғни адамға қарсы былапыт сөйлегені үшін 20 АЕК(69 мың тг) көлемінде айыппұл салынуы мүмкін немесе 15 күнге дейін әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалуы мүмкін. [4].



2. ҚР Қылмыстық Кодексі (2014ж,3 шілде) 105 бабы “Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу,өзін-өзі өлтіруге көндіру немесе өзін-өзі өлтіруге ықпал ету”. Жоғары да келтірілген мысалдарға назар аударсақ кибер буллингтің ең ауыр салдары ол-адам өлімі. Осыған байланысты кибер буллинг адамды өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізеді деп айта аламыз. [2].
3. ҚР Қылмыстық Кодексі (2014ж,3 шілде) 131 бабы “Қорлау” яғни,қорлау ол-басқа адамның қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту. Санкциясы: 100 АЕК немесе дәл осы көлемде түзеу жұмыстарына тарту немесе 120 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту. [2].

